

САНАМДА ЖАТТАЛЫП ҚАЛАТЫН ЕРЕКШЕ СӨТ



3

ЕМБІЛІКТЕР ОБЛЫСТЫҚ МЕКТЕП-ИНТЕРНАТЫНЫҢ СПОРТ ЗАЛЫН ЖӨНДЕП БЕРДІ



4

АҚ ЖАЙЫҚТАН АҚ ТІЛЕК ЖАУҒАН КҮН



7



Embi ТЫНЫСЫ

№18 (102)
ҚАРАША
2022 жыл

«ЕМБІМҰНАЙГАЗ» АҚ КОРПОРАТИВТІ ГАЗЕТІ

БІЗДІҢ МИССИЯМЫЗ:

Біз әлеуметтік және бизнес мүдделердің тепе-теңдігін сақтау арқылы компания жұмысшыларына тұрақтылықты, акционерлерге тиімділікті қамтамасыз ету үшін мұнай мен газды өндіреміз.



АТЫРАУДА «МҰНАЙШЫЛАР ДАҢҚЫ» АЛЛЕЯСЫ АШЫЛДЫ

Атырау қаласында Жайық өзені жағалауында «EmbiMunayGas» АҚ-ның 100 жылдық мерейтойының аясында «Мұнайшылар даңқы» аллеясы салынды. Демалыс орнының ашылу салтанатына ардагер мұнайшылар, ЕМГ басшылығы мен ұжымы, қала әкімшілігінің өкілдері қатысты.

«Мұнайшылар даңқы» аллеясы орналасқан 6300 шаршы метр жер Жайық өзенінің жағалауында, «EmbiMunayGas» АҚ-ның бас кеңсесіне жақын орналасқан. Бұл өндірістік бірлестік - «Эмбанефть» тресті тарихымен ұштасып жатыр. Дәл осы жерде трестің алғашқы кеңсесі болған, майталман мұнайшылар Сафи Өтебаев, Бөлекбай Сағынғалиев,

Жолдасқали Досмұхамбетов, Орынғазы Есқазиев және басқа да Жайық-Embi бассейні ғана емес Маңғыстау, Ақтөбе облыстарындағы кен алаңдарын алғашқы ашушы мұнайшылардың қолтаңбалары сақталған.

(Басы. Жалғасы 5-бетте)

Президент сапары

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ АТЫРАУ ОБЛЫСЫНЫҢ ЖҰРТШЫЛЫҒЫМЕН КЕЗДЕСТІ

Президент Атырау жұртшылығымен кездесуінде «қуатты өңірлер – қуатты ел» қағидатын ұстанатынын айтып, облыстың өркендеуіне тың серпін беретін бірқатар мәселеге тоқталды. Ең алдымен, өңір экономикасын әртараптандыру қажет екенін атап өтті.

– Осы облыста «Ұлттық индустриялық мұнай-химия технопаркі» арнайы экономикалық аймағы құрылды. Онда жұмыс істейтін компанияларға салық және кеден жеңілдіктері беріледі. Сондай-ақ, инвестиция тарту үшін мемлекет тарапынан түрлі амал-тәсілдер қарастырылған. Басқа да ірі жобаларды жүзеге асыру көзделген. Олар инфрақұрылымды дамытуға, инвестициялар мен жаңа технологияларды тартуға жол ашады. Сонымен қатар бірнеше мың жұмыс орнын құруға мүмкіндік береді. Аталған жобалар өңірдің экономикасын әртараптандыру үшін өте маңызды. Үкімет және әкімдік инвесторлармен бірлесіп олардың тезірек іске қосылуын қамтамасыз етуге тиіс, – деді Мемлекет басшысы.

Президент мұнай қоймаларын барынша көбейту аса өзекті мәселе екенін айтты. Қазір біз дайын мұнайды бірден экспортқа шығаруға мәжбүрміз. Осыған орай, «ҚазМұнайГазға» экологиялық қауіпсіздік талаптарын сақтай отырып, Атырау өңірінде үлкен мұнай қоймасын салу мәселесін қарастыруды тапсырды.

– Энергетика министрлігі мұнай өндіретін ірі компаниялармен

қойманың құрылысына қатысты келіссөздер жүргізуі керек. Мұнай саласындағы еңбек нарығында шұғыл шешілуге тиіс мәселелер бар. Келешекте жұмыссыздықтың пайда болуына жол бермеуіміз керек. Бұл өте маңызды мәселені Үкімет өз назарында ұстауы қажет. Осы мәселе бойынша негізгі шетел компанияларымен бірге жұмыс істеуге тиіс. Үкіметке осы шаруаны шұғыл қолға алуды тапсырамын. – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы облыстағы балық шаруашылығын дамыту мәселесіне назар аударды. Сондай-ақ, Атырау облысындағы жолдардың сапасы сын көтермейтінін айтып, оның халық тұрмысына және экономикаға тікелей әсер ететін фактор екенін атап өтті.

Бұған қоса, Президент ауылдардың бір орталықтан берілетін сумен жабдықтау жүйесіне қосылмағанын сынға алды. Оның айтуынша, көптеген елді мекеннің тұрғындары таза суды кейде белгілі бір уақытта ғана алады.

Кездесуде Қасым-Жомарт Тоқаев қоғамды алаңдатып отырған синтетикалық есірткі мәселесіне де тоқталып, өңірде білім беру және мәдениет саласын дамытуға, кәсіптік-



техникалық және жоғары білім сапасын арттыруға айрықша көңіл бөлу керек екенін айтты.

Мемлекет басшысы Атырау өңірінің экологиялық ахуалына арнайы тоқталды. Әсіресе, Атырау мұнай өңдеу зауытының зиянды қалдықтары шекті нормадан жиі асып кететінін сынға алды. Сонымен қатар, облыстағы алпауыт өндірістер орындары, әсіресе, мұнай-газ компаниялары экология талаптарын қатаң сақтауы қажет екенін ескертті.

Президенттің айтуынша, Жайық өзенінің тартылуы да жұртты қатты алаңдатып отыр. Су деңгейі соңғы жылдары төмендеп, өзен аңғарының экологиялық ахуалы күрт нашарлап кеткен. Ал, ластану көрсеткіші бойынша ең соңғы – бесінші дәрежеге жетті.

Президент мұнай мен газға ғана үміт артпай, өңірде туризм секілді болашағы зор саланы да дамыту қажет екенін жеткізді. Мемлекет басшысының айтуынша, бұл жақта экологиялық және танымдық туризмді дамытуға

мүмкіндік мол. Қиғаш өзенінің бойында лотос гүлдері өсетінін көбі біле бермейді. Ал, Индердегі тұзды көлде емдеу-сауықтыру туризмін дамытуға болады.

Президент сөзін қорытындылай келе, Атырау облысының дамуына еңбек сіңірген бір топ азаматты мемлекеттік наградалармен марапаттады.

Атап айтқанда, еңбек ардагері Қайрат Ищанов II дәрежелі «Барыс» орденімен, «Атыраугидрогеология» ЖШС ғылыми кеңесшісі Едіге Сабуров «Парасат» орденімен, «Атырау облыстық кардиологиялық орталығы» КМК директоры Марат Қонысов «Құрмет» орденімен, «Ембімұнайгаз» АҚ «Доссормұнайгаз» МГӨБ операторы Сафи Сәтмағамбетов III дәрежелі «Еңбек Даңқы» орденімен наградталды. «Ерен еңбегі үшін» медалі Д.Нұрпейісова атындағы академиялық оркестрдің домбырашысы Жәнібек Жәмиевке табысталды.

(www.akorda.kz сайтынан ықшамдалып алынды)



«ЕМБІМҰНАЙГАЗ» АҚ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ КЕЗЕКТІ МӘЖІЛІСІ ӨТТІ

Ақтау қаласында өткен мәжілісте «Ембімұнайгаз» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы, «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ Басқарма төрағасының барлау және өндіру жөніндегі орынбасары және Ақтау қаласындағы «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ өкілдігінің директоры Құрманғазы Есқазиев, ембіліктерге компанияның 100 жылдық мерейтой бағдарламасын жоғары деңгейде өткізгені үшін алғысын білдірді.

Директорлар кеңесінің отырысында ЕМГ 2023 жылғы бюджеті, сонымен қатар, 2023-2027 жылдарға арналған бизнес-жоспары бекітілді. Бұдан өзге, компанияның 2022 жылғы 9 айдағы өндіріс және басқа да қызметінің қорытындысы, 2022 жылдың соңына дейін күтілетін болжамы тыңдалды.

Бас компаниялар жаңалықтары

«ҚАЗМҰНАЙГАЗ» ҰК АҚ АКЦИЯЛАРЫН БАСТАПҚЫ ЖАРИЯ ҰСЫНУ (IPO) ШАРТТАРЫ ЖАРИЯЛАНДЫ

Америка Құрама Штаттарында, Австралияда, Канадада, Жапонияда, Оңтүстік Африка республикасында, сондай-ақ, заңсыз болатын кез келген басқа юрисдикцияларда тікелей немесе жанама түрде жариялауға немесе таратуға арналмаған.

Қазақстанға қатысты төменде айтылғандарды қоспағанда, осы хабарландыру АҚШ, Австралия, Канада, Жапония немесе Оңтүстік Африка Республикасын қоса алғанда қандай да болмасын юрисдикцияларда эмиссия проспектісіне, сатуға арналған oferta немесе сатып алуға oferta жасау ұсынысына немесе бағалы қағаздарды қандай-да бір түрде сатуға немесе сатып алуға ұсыныс жасауға емес «Астана» халықаралық қаржы орталығы биржасының (бұдан әрі - «АІХ») Проспектісін шығару қағидаларына сәйкес ұсынысқа байланысты жарияланады. Осы хабарландыру жарнама емес және Қазақстан Республикасының аумағында жарнама ретінде және Қазақстан Республикасы заңнамасының мақсаттары үшін пайдалануға арналмаған.

Осы хабарландыру Біріккен Корольдікте Еуропалық Одақтың 2018 жылғы Заңына (Шығу) сәйкес Ұлыбританияның ішкі заңнамасының бөлігі болатындықтан, Бағалы қағаздар проспектісі туралы ереженің (2017/1129 регламенті) (ЕО) (бұдан әрі - «Бағалы қағаздар проспектісі туралы ереже») 2(е) бабының мағынасы бойынша «білікті инвесторларға» ғана таратылады және жолданады, ал олар: (i) инвестицияларға байланысты кәсіби тәжірибесі бар және 2000 жылғы Қаржылық қызметтер және нарықтар туралы заңның (Қаржылық жарнама) 19(5)-бабында «инвестициялық қызметтің кәсіби қатысушылары» анықтамасына жататын 2005 жылғы бұйрық (бұдан әрі - «Бұйрық»); немесе (ii) Бұйрықтың 49(2) (а)-(d)-бабына сәйкес келетін активтерінің құны жоғары заңды тұлғалар болатын немесе (iii) бұл басқа жолмен заңды түрде хабарлануы мүмкін адамдар (мұндай адамдардың барлығы бірге «Тиісті адамдар» деп аталады). Тиісті адамдар болып табылмайтын адамдар осы хабарландыруға сәйкес әрекет етпеуі немесе оған сенбеуі керек. Осы хабарландыру жататын кез келген инвестиция немесе инвестициялық қызмет тек Тиісті адамдарға ғана қолжетімді және тек Тиісті адамдар жүзеге асыратын болады. Бұл хабарландыруды

тарататын адамдар оның заңды екеніне көз жеткізуі тиіс. Бағалы қағаздар тек Тиісті адамдарға қолжетімді болады және мұндай бағалы қағаздарға жазылу, сатып алу немесе басқа сатып алу туралы кез келген шақыру, oferta немесе келісім тек тиісті тұлғалармен жасалады.

Еуропалық Одаққа мүше мемлекеттерге келетін болсақ, бұл хабарландыру тек білікті инвесторларға арналған және осы құжатта аталған бағалы қағаздар Бағалы қағаздар проспектісі туралы ереженің 2(е)-бабының мағынасы бойынша (мұндай адамдар «Білікті инвесторлар» деп аталады) және/немесе Бағалы қағаздар проспектісі туралы ереженің 1-бабының 4-бөлімінің қолданысына жататын басқа жағдайларда ғана білікті инвесторларға ұсынылатын болады. Сондай-ақ кез келген осындай Білікті инвестор ұсыныс шеңберінде сатып алған кез келген осындай бағалы қағаздар осындай Білікті инвесторлардан басқа тұлғалардың атынан сатып алынбағанын ұсынған және келіскен болып есептеледі.

Осы хабарландыру да, оның қандай да бір ережелері де кез келген юрисдикциядағы oferta немесе міндеттеме үшін негіз болмайды және оларға кез келген юрисдикциядағы oferta немесе міндеттеме бойынша сенім артуға болмайды. Инвесторлар жай акциялардың АІХ бағалы қағаздарының ресми тізіміне ықтимал қосылуына және оларды KMG сауда коды бар АІХ-тің негізгі алаңында ресми сауда-саттыққа жіберуге байланысты «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы (бұдан әрі - «ҚМГ») дайындаған эмиссия проспектісінің (бұдан әрі - «Проспект») соңғы нұсқасында қамтылған ақпаратқа сүйене отырып, осы хабарландыруда айтылған қандай да бір бағалы қағаздарға жазылуы жүзеге асырмауы немесе сатып алмауы тиіс. Проспектіні 2022 жылы 7 қарашада АІХ мақұлдады. Проспект ағылшын тілінде әзірленіп, ҚМГ оны қазақ және орыс тілдеріне аударды. Проспектінің қазақ және орыс тілдеріне және(немесе) өзге тілдерге аудармасы АІХ тарапынан тексерілмеген және мақұлданбаған. Кез келген күмән туындаған жағдайда, Проспектің ағылшын тіліндегі нұсқасын басшылыққа алу керек. Ағылшын, қазақ және орыс тілдеріндегі Проспект ҚМГ-ның веб-сайтында: <http://www.kmg.kz> сілтемесі бойынша және «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ (бұдан әрі - «Самұрық-Қазына») веб-сайтында: <http://www.sk.kz> сілтеме бойынша танысу үшін қолжетімді болады.

www.kmg.kz

Сайлау-2022

ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВТЫҢ ЖАҚТАСТАРЫ АТЫРАУ ОБЛЫСЫНЫҢ ТҰРҒЫНДАРЫМЕН КЕЗДЕСТІ

Президенттікке кандидат Қасым-Жомарт Тоқаевтың Республикалық қоғамдық штабының (РҚШ) мүшелері Атырау облысының тұрғындарымен бірқатар кездесу өткізді.

РҚШ мүшелері, ең алдымен, «Болашақ» мұнай мен газды кешенді дайындау зауытының ұжымымен кездесіп, кандидаттың сайлауалды бағдарламасында көрсетілген елдің энергетикалық секторын дамыту жөніндегі шараларға назар аударды.

«Бүгін штаб мүшелері мұнай-газ, балық шаруашылығы салалары кәсіпорындарының еңбек ұжымдарымен, Атырау облысының жұртшылығымен және жастармен кездеседі. Біздің міндетіміз – әрбір қазақстандыққа алдағы сайлаудың маңыздылығын жеткізу. Баршаны 20 қарашада сайлау учаскелеріне келіп, азаматтық борышын өтеуге шақырамыз. Бұл – еліміздің ертеңі үшін өте маңызды таңдау», - деді Республикалық қоғамдық штаб мүшесі Бақтықожа Ізмұхамбетов.

«Ембімұнайгаз» АҚ бас кеңсесінде өткен мұнай-газ саласының ардагерлерімен кездесуде Қасым-Жомарт Тоқаевтың жақтастары сайлауалды бағдарламаның кәсіпорындардағы еңбек жағдайларын жақсарту және жалақыны арттыруға қатысты тармақтарына тоқталды.

Айта кетейік, «Ембімұнайгаз» АҚ биыл 100 жылдығын тойлады. Өңірдің дамуы мен ел экономикасының өркендеуі жолында аса маңызды рөл атқаратын мекеме жыл сайын өріс жайып келеді. Республикалық қоғамдық штаб мүшелері сала ардагерлерімен арнайы жүздесіп, сайлауалды бағдарламаны түсіндірді. Ардагерлер алдағы саяси науқанға сәттілік тіледі.

«Қасым-Жомарт Тоқаевтың ел игілігі үшін атқарып жатқан жұмыстарына куәміз. Ол - нағыз халықшыл



адам. Өйткені ол «жеке мүддеден, мемлекет мүддесін» биік қояды. Сол себепті де сайлауалды бағдарламасы халық үшін қызмет атқаратынына күмән жоқ, - деді ардагер мұнайшы Мақсым Ізбасов.

Жиында ардагерлер ұсыныс-пікірлерін ортаға салып, алдағы сайлауға сәттілік тіледі.

Бұдан соң балық өңдеу кәсіпорнының алаңында сала кәсіпкерлерімен бірлесіп, сайлауалды

бағдарламада көрсетілген балық шаруашылығын дамыту және су нысандарының экожүйесін қорғау жөніндегі шаралар талқыланды.

Осы күні облыс жұртшылығымен кездесу өтті, оның барысында РҚШ мүшелері сайлауалды бағдарламаның өңірлердегі әлеуметтік және коммуналдық инфрақұрылымды дамытуға арналған бөліміне егжей-тегжейлі тоқталды.

Мемлекеттік марапат

«САНАМДА ЖАТТАЛЫП ҚАЛАТЫН ЕРЕКШЕ СӘТ»

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Атырауға жұмыс сапары барысында өңір жұртшылығымен өткізген кездесу жиынында Атырау облысының дамуына еңбек сіңірген бір топ азаматты мемлекеттік наградалармен марапаттаған болатын. Үлкен құрметке ие болғандар қатарында әріптесіміз - «Доссормұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасының №4 Доссор мұнай және газ өндіру цехы Алтыкөл кен орны №1 бригадасының 4 дәрежелі сусыздандыру және тұзсыздандыру қондырғысының операторы Сафи Сәтмағамбетов те болды. Ембілік мұнайшы III дәрежелі «Еңбек Даңқы» орденімен наградалды.

Президентпен кездесуден соң әріптесімізбен әңгімелескен болатынбыз. Ол өңір тарихында ерекше сақталатын шарадан алған әсерімен бөлісті.

Қани Сәтмағамбетов ғұмырының 42 жылын мұнай-газ саласын дамытуға арнап, «Мақатмұнай» кәсіпшілігінде табан аудармастан мұнай-газ өндіру операторы болып еңбек етті.

«Әке көрген оқ жонар, шеше көрген тон пішер» деген халық даналығы мұнай саласын серік еткен Сәтмағамбетовтер отбасына да қатысты айтылса керек. Ел арасында еңбегімен еленген қара алтын игеруші Қани Сәтмағамбетовтің еңбегін, ерлігін балалары көріп өсті. Тәлім алды. Кейін Қани Сәтмағамбетов пен «Батыр Ана» атанған Жұмағыз Махамбетова тәрбиелеген 11 баланың 7-уі мұнай саласын серік етіп, игі ісімен үлгі болған әке жолын жалғады.

Еңбек жолын 1983 жылы Комсомол кен орнында слесарь болып бастаған Сафи Қаниұлы Сәтмағамбетов қара алтын игеру жолында аянбай тер төгіп жүр. Бірнеше жылдар бойы мұнай-газ өндіру операторы болып еңбек еткен ол, 2015 жылы Алтыкөл кен орнына ауысқан. Салаға жаңа қадам басқан жастарға білгенін үйретіп, тәжірибесін бөлісуден жалыққан емес.

- «Ембімұнайгаз» біз үшін үйіміздей ыстық. 39 жыл уақыт бойы ұжымдастарымызбен талай қиын да қызықты күндерді бастан кешіп, бір шаңырақтың адамындай жақын араласамыз. Вахтааралық 14 демалыста кен алаңындағы қайнаған жұмысты, ұжымдастарды, «қара алтынның» иісін сағынамын. Тіпті ауыратын кездерім де болады. Ал, жұмысқа шыққанда денсаулығымның сыр бергенін ұмытып та кетемін.

Ұжымдағы жас мамандар бізден тек қызметке қатысты емес, өмірлік кеңестер де сұрап отырады. Бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарсақ біз алмайтын асу жоқ. Сондықтан, Ембінің көркеюі үшін аянбай еңбек етеміз, - дейді мемлекеттік марапат иесі.

Сафи Қаниұлы жастайынан әкесінің еңбекқорлығы мен іскерлігіне тамсанып өскен. Бала қиялының түкпіріндегі мұнайшы болам деген талпыныс оның әке жолын жалғауына септігін тигізді. Қазір ол сонау 20 жасында әкесімен бірге өндіріс



алаңын алғаш аттаған сәттерін, сол кездегі мұнайшылардың әлеуметтік жағдайын жиі еске алып отырады. Бүгінге мұнайшы тиянақтылығымен, жауапкершілігімен, кәсібилікпен тең түсетін адами құндылықтарымен ұжымға сыйлы.

- Мемлекет басшысымен кездесу менің өмірімде үлкен із қалдырды. Ең алдыңғы қатарда отырдық. Кездесу кезінде қатты толқыдым. Себебі, мұндай сәтті бастан өткеру көптеген адам үшін арман екені анық. Маған сондай бақ бұйырғанын тағдырымның сыйы деп білемін.

Президентіміз менімен амандасып, жұмысыма табыс тіледі. Бұл мен үшін аса қуанышты сәт еді. Шын мәнінде қоғамға қажетті іспен айналысып жүргеніңді сезіну, білу және сол үшін бағалану – үлкен бақыт. Мемлекет басшысының бұл марапаты – жалпы ембілік мұнайшылардың жұмысына берген оң бағасы деп білемін. Биыл ембіліктер үшін табысты жыл болды. 100 жылдық мерейтойымызды тойлап, мерекелік медальды да кеудемізге тақтық. Осынау құрметке лайықты деп бағалап жатқан Компания басшылығына, ұжымдастарыма алғысым шексіз, - дейді Сафи Сәтмағамбетов бізбен әсерімен бөлісіп.

Р.С. Әр бала әкеге қарап бой түзейді. Сафи Сәтмағамбетов те әкесі сияқты білікті маман болуды қалаған. Көргенін көкейге түйіп, мұнай саласын жанына серік етті. Қазір де өз білген-түйгенін балаларына да үйретуден жалықпайды. Бүгінде бір баласы Алматы қаласында тіл маманы болуға жоғары білім алып жатса, екінші баласы Ресейде Халықтар достығы университетінде 3-курста оқуда. Болашақ мұнай-газ саласының маманы. Ұрпақтар сабақтастығын сақтаған олар болашақта мұнайшылар династиясын қалыптастырады деп сенеміз.



ДОССОРЛЫҚТАРҒА СЫЙ



«Ембімұнайгаз» АҚ 100 жылдық мерейтойына орай Доссор поселкесінде көпсалалы спорт алаңын салды. Спорт нысанының ашылу салтанатына Мақат ауданы әкімдігінің басшылығы, ардагерлер мен Доссор ауылының тұрғындары және жас футболшылар қатысты.

«Ембімұнайгаз» АҚ Атырау облысы өңірлерінің инфрақұрылымын дамытуға тұрақты түрде үлес қосып келеді. Осының айғағы ретінде Компанияның мұнай-газ өндіру басқармалары жұмыс істейтін дәл осындай көпфункционалды спорт алаңдары жақын арада Аққыстау, Мұқыр және Мақат ауылдарында да пайдалануға беріlmек. Жаңа нысандар халық игілігіне қызмет етсін деген тілегіміз бар, - деді жиналғандарды айтулы оқиғамен құттықтаған **«Ембімұнайгаз» АҚ Бас директорының экономика және қаржы жөніндегі орынбасары Рысты ТАСМАҒАМБЕТОВА.**

Доссорлық спортшыларға сыйлық ретінде доптар мен басқа да спорттық жабдықтар тарту етілді.

Аталмыш нысанда спорт алаңы (6300 м2), ұзындығы 250 метр болатын жүгіретін жол, шағын футбол, воркаут алаңдары (көше гимнастикасы) және тренажерлар бар.

Жиында аудан әкімінің орынбасары Азамат Шанғалаев пен ардагер Табылды Жолмағамбетов спорт алаңының ауылға қажетті ғимарат екенін айтып, Ембі мұнайшыларына ризашылықтарын білдірді.

Шараның ашылу рәсімі аяқталған соң, балалар командаларының жолдастық кездесуі өтті.



Балалар жылы

ЕМБІМҰНАЙГАЗ ОБЛЫСТЫҚ МЕКТЕП-ИНТЕРНАТТЫҢ СПОРТ ЗАЛЫН ЖӨНДЕП БЕРДІ

«Балалар - мемлекетіміздің жарқын болашағының кепілі. Сондықтан да, алдағы жылды Балалар жылы деп жариялау керек деп есептеймін. Әңгіме жалаң ұран мен мерекелік шаралар туралы емес. Бірінші кезекте билік тарапынан балаларды қорғау үшін денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қолдау бағытында нақты шаралар қолға алынуы керек. Өскелең ұрпақтың үйлесімді дамуы мен бақытты балалық шағы - біздің жалпыұлттық міндетіміз».

Қасым-Жомарт Тоқаев



2022 жыл - «Балалар жылы». Мемлекет басшысының тапсырмасын орындау мақсатында «Ембімұнайгаз» АҚ демеушілігімен Атырау қаласындағы облыстық арнайы мектеп-интернатының спорт залы жөндеуден өтіп, пайдалануға берілді.

Өткен аптада аталмыш білім-тәрбие ордасында спорт залының заманға сай толық жаңғыртылуына орай кеш өтіп, мектеп-интернаты оқушылары концерттік бағдарламасын ұсынды. Кешке ата-аналар, мұғалімдер, оқушылар және «Ембімұнайгаз» АҚ, Өндірістік-техникалық қамту және жабдықтармен комплектациялау басқармасының қызметкерлері қатысты.

1998 жылы құрылған мектеп-интернатында бүгінде 146 оқушы тәлім алуда. Оның 38-інің - есту қабілеті, 38-інің көру қабілеті нашар.

- Мұндағы спорт залы балалардың спортпен шұғылдануына кедергі болған. Балаларды спортқа бейімдеу, салауатты өмір салтын қалыптастыру мақсатында спорттық залымызды толық жабдықтап, жөндеуден өткізу жөнінде «Ембімұнайгаз» АҚ-на ұсыныс жасаған болатынбыз. Ұсынысымызды қабыл алып, спорт залын толық жабдықтап, жайлы, жарық етіп жөндеуден өткізіп берді. Спорт залындағы жөндеу жұмыстары өте сапалы атқарылды. Балалардың жаттығуы үшін барлық жағдай жасалған. Спорт залының іші жарықтанып, кеңейді. Балаларға жақсылық жасаудағы қайырымдылық қасиетті жоғары бағалап, демеушілік көрсеткен ембілік мұнайшыларға алғысымыз зор, - дейді мектеп-интернатының директоры Лаззат Тулепова.

Шараға қатысқан Өндірістік-техникалық қамту және жабдықтармен комплектациялау басқармасының бас инженері Асхат Атрауов спорт залының қабырға, төбесі, едені, терезелері толық қапталғанын жеткізді.

- Біздің қаламызда, облыста осындай балалар үшін жайлы орта құру маңызды. Біздің кәсіпорынның осындай игі іске үлесі қосқаны қуантады. Жөндеу жұмыстары 1 айдай уақыт бойы жүргізілді, - дейді бас инженер А.Атрауов.

АТЫРАУДА «МҰНАЙШЫЛАР ДАҢҚЫ» АЛЛЕЯСЫ АШЫЛДЫ



(Жалғасы. Басы 1-бетте)

Аллея мұнай мен табиғи газдың жалынын бейнелейтін тамшыдан, аймақтың тарихы мен өзіндік ерекшелігін ашатын бірнеше тақырыптық композициялардан тұратын рельеф, ЕМГ кен орындарының санына арналған 47 колонна және аллеяның бүкіл аумағында ылғалды климат тудыратын құрғақ субұрпақтан тұрады. Барельефте Ембі мұнайшыларының - Социалистік Еңбек ерлері мен Мемлекеттік сыйлық лауреаттарының есімдері жазылған ескерткіш тақта орнатылған.

Атырау - мұнайлы астана мәртебесіне ие болғанына қарамастан, қалада ел экономикасына үлкен үлес қосқан мұнайшылардың еселі еңбегін айшықтайтын белгі жоқ. Сондықтан, «Ембімұнайгаз» АҚ-ның 100 жылдығы қарсаңында бір топ ембілік мұнайшылардың өтінішін ескере отырып, осы аллеяны салу туралы шешім қабылданды. Аллея мәдени мұраның бір бөлігі ғана емес - «Ембімұнайгаздың» бай тарихын мәңгілікке қалдыратын естелік орын, сонымен қатар қала тұрғындарының сүйікті демалыс орны болады деп санаймын,- деді өз сөзінде «Ембімұнайгаз» АҚ Бас директоры Есен Қайыржан.

Аллеяның абаттандырылған аумағында 4 балалар ойын алаңы мен демалуға арналған орындықтар орнатылған. Сонымен қатар, жақын маңдағы тұрғын үйдің сыртқы қасбетіне жәй жөндеу жұмыстары жүргізілді.



Нұржан ЕРМҰХАНОВ, Атырау қаласы әкімінің орынбасары:

Сәулетті нысан - мұнайшыларға деген құрметтің белгісі

- Атырау қаласының орталығында, Ақ жайықтың жағалауында «Мұнайшылар даңқы» аллеясының салтанатты ашылуымен қала тұрғындарын өңір басшысы Серік Шәпкенов және қала әкімі Мейірім Қалауидің атынан құттықтаймын.

Архитектуралық келбеті, сонымен қатар, балалардың 4 ойын алаңы, су бұрқағы бар аллеяны «Ембімұнайгаз» АҚ өзінің 100-жылдық мерей тойына орай қаламыздың тұрғындарына тарту етіп отыр.

Сәулетті нысан - қара алтынды игеруге атсалысқан майталман мұнайшыларға деген құрметтің белгісі.

Ғасырдан астам уақыт толассыз өнім беріп келе жатқан «Ембімұнайгаз» мекемесінің әлі де қоры сарқылған жоқ. Тек соңғы 10 жылда ембіліктер 30 млн тоннадан астам мұнай өндіріп, ел қазынасына 1 трлн 303 млрд теңге табыс қосты.

Аумағы 6300 шаршы метрді алып жатқан аллеяның қақ төріндегі тұғырға мұнай мен табиғи газдың жалынын бейнелейтін 15 метрлік стелла қойылған. Қос қапталында кен орындарының атауы жазылған 47 баған бар. Бұл - «Ембімұнайгаз» акционерлік қоғамына қарасты әр жылдары ашылған мұнай кәсіпшіліктерінің саны. Сондай-ақ, түрлі тақырыптағы композициялар мен елеулі тұлғалардың есімі жазылған ескерткіш тақта тұр.

Осы аллеяда көрсетілген, қазақ мұнайының тарихына есімдері алтын әріппен жазылған Сафи Өтебаев, Мақаш Балғымбаев, Бөлекбай Сағынғалиев, аталарымыздың көзін көріп, адами және кәсіби деңгейі жоғары болған тау тұлғаларымызбен сұхбаттасқан кездерім мен үшін де өмірлік мектеп болды.

Атыраулықтардың әлеуетін арттыруға арналған шаралар алға қарай да жалғасын таба бергей!



Рысты ТАСМАҒАМБЕТОВА, «Ембімұнайгаз» АҚ Бас директорының экономика және қаржы жөніндегі орынбасары:

Атыраулықтарға сүйікті демалыс орны болады деп сенеміз

- «Ембімұнайгаз» АҚ-ның 100 жылдық мерейтойы аясында «Мұнайшылар даңқы» аллеясы пайдалануға беріліп жатыр. Бүгінгі шараны тарихи маңызды оқиға деп айтуға әбден болады. Себебі, мұнайлы астана деген мәртебесіне қарамастан, Атырау қаласында мұнайшылардың құрметіне бірде-бір монументалды құрылыс салынбаған екен.

Аллея компания кеңсесінің жанында орналасқан. Тарихи тұрғыдан бұл аймақ «Эмбанефть» өндірістік бірлестігімен байланысты. Мұнда ел экономикасына зор үлес қосқан, есімдері әйгілі майталман мұнайшылар жұмыс істеді. Олар - кен орындарын алғашқы ашушылар, Социалистік Еңбек ерлері, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаттары.

Аллея мәдени мұраның бір бөлігі ғана емес - «Ембімұнайгаз» АҚ-ның бай тарихын және мұнайшылар ұрпақтарының қажырлы еңбегін есте қалдыратын, сонымен қатар, қала тұрғындарының сүйікті демалыс орны болады деп үміттенеміз.





ЭЛЕКТРОНДЫ ЖҮЙЕНІҢ ТИІМДІ ТҰСТАРЫ БАСЫМ

Еліміздің стратегиялық басым бағыттарының бірі – цифрлық технологияны жаңғырту. Бұл – маңызды кешенді міндет. Осы орайда, электрондық құжат айналымын құру мақсатында қоғамның негізгі қажеттіліктері бойынша 2019 жылы компанияда жобаларды дамыту департаменті талдаушыларының ұсынысымен AVR бағдарламасы жасақталып, 2020 жылы енгізілген болатын.

Бағдарламаны енгізу барысында туындаған мәселелер, бүгінгі күнге дейінгі нәтижелері мен тиімділігі туралы «Ембімұнайгаз» АҚ келешекті дамыту және тәуекелдерді басқару департаментінің аға анализі Аян Төлеңгітовпен сұхбаттасқан болатынбыз.

- Аян, ең алдымен, AVR құжаты, жалпы жобаны жасақтау мақсаты туралы қысқаша баянда берсеңіз?

- Жұмыс беруші мен жұмыс орындаушы арасында жасалған келісім-шарт негізінде атқарылған жұмыстарына ақы төлеу үшін AVR құжаты жасалатыны белгілі. Құжат дайындалып, мекеме қызметкерлері алдымен кеңсеге келіп түпнұсқасын тексеріп, әрі қарай аудандарда орналасқан мұнай-газ өндіру басқармаларының (МГӨБ) басшылары мен кен орындарындағы мамандардың қолдарын алып, қаладағы бас кеңседегі есепші бөліміне тапсырады. Сол құжаттар негізінде атқарылған жұмыстары бойынша ақы төленеді.

Бұл үдеріс 5 күн аралығындағы уақыт алатын болды. Кейбір кезде құжаттар жоғалып, қайта шығарылып, ұзақ уақыт кететін кездер де кездеседі. Сондай-ақ, бұл әуе немесе теміржол көлігі арқылы жеткізу төлемін қамтитын қосымша шығындар, соның ішінде, жеке көліктерді немесе жалға алынған көлік арқылы МГӨБ-на жеткізу шығындарын қамтиды. Осы мәселелерді ескере келе, мердігер ұйымдардың атқарылған жұмыстары бойынша ақы төлеу үдерісін оңтайландыруды қолға алдық.

- Жұмыс қалай басталды?

- Жоспарды дұрыс құру – мақсатқа жетуге тиімді жол ашады. Жылдарға созылған осы үдерісті автоматтандыру жолын қарастыру үшін тапсырма алынып, мақсаттар қойылып, әрі қарай қалай орындау керектігі туралы жоспар құрылды.

2019 жылы компанияда, соның ішінде, МГӨБ-да жұмыс істеген бизнес-үдерістерді талдау бойынша жан-жақты жұмыс басталды. Ел Президенті бұған дейін міндет етіп қойған қазақстандық компаниялардағы цифрландыру аясында актілерді келісу және қол қою процесін цифрландыруға көшіру әбден мүмкін қорытындыға келдік.

Осы процеске жауапты тараптың барлық ішкі нормативтік құжаттары зерделеніп, актілерді келісу мен қол қоюдың бүкіл сатысы зерттелді. Әрбір тармақты жеке-жеке қарап шығып, ішкі жағынан бұл процестің өте ұзаққа созылғанын көрдік. Жұмыстың немесе қызметтің бір ғана көлемін келісу үшін бірнеше күндерге, ал, егер компания барлық мұнай-газ өндіру бөлімшелерінде жұмысты орындайтын болса, онда тіпті апталарға созылуы ықтимал болды.

Келесі кезеңде біз өз міндеттерімізді шешуге қолайлы құралдардың бар-жоғын анықтау мақсатында нарыққа зерттеу жұмыстарын жүргізе бастадық. Ең алдымен, Қазақстан аумағындағы ірі мекемелердің тәжірибелерін зерттеп көрдік. Нәтижесінде, дәл біздің компанияның бағытына сәйкес келетіні табылмай, қажеттіліктерімізді 100% қанағаттандыратын қолжетімді бағдарламалар жоқ екеніне көз жетті. Бірақ, қалыпқа келтіру мен дамыту жұмыстарын жасап, өз қажеттіліктерімізге 80% жақын функцияларды орындайтын жүйені таптық.

- Ол қандай жүйе және қалай жұмыс жасады? Оны енгізуге кімдер жұмылдырды?

- 2019 жылдың қазан айында Орталық бухгалтерия мен Өндірісті автоматтандыру және ақпараттық технологиялар (ӨАЖАТ) департаментімен бірлесіп, «Орындалған жұмыстар мен қызметтердің актілерін бекітудің автоматтандырылған жүйесін енгізу» жобасы ашылды. Жобаның осы кезеңінде әрбір мүдделі тарап өз бөлігінде жауапты тұлғаны анықтады. ӨАЖАТ департаменті жобаның техникалық жағына, Орталық бухгалтерия актілерді келісу және бекіту бизнес үдерісіне жауапты болып бекітілді. Іске асыру жұмыстары 2 айға созылып, 2020 жылы AVR бағдарламасы компанияның IT – архитектурасына енгізіліп, жүзеге аса бастады. Кейін бағдарлама толықтырылды.

- Бағдарламаның енгізілуі пандемияның басталу кезеңімен тұспа-тұс келді. Осынау күрделі кезеңде жобаны жүзеге асыру қиыншылықты қиындық тудырды?

- 2020 жылдың басында әлемді дүр сілкіндірген пандемия басталып, елімізде карантин жарияланды. Барлық жұмыс орындары қашықтықтан жұмыс

жасау әдісіне көше бастады. Басқармаларға, кен орындарына кіру мүмкіндігі шектеліп, көптеген мердігер ұйымдар компанияға актілерді жеткізу мүмкіндігінсіз қалды. Бұл басқа компаниялардың мердігер ұйымдары үшін төлемді уақытында ала алмаған қиын кезең болды. Өйткені, актілерді келісу процесі уақытша тоқтады. Осы уақытта AVR жүйесі тамаша нәтижелер көрсетіп, компанияларға қосымша құндылық берді.

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің талабы бойынша эпидемиологиялық жағдай мен шектеу шараларын сақтау қажет болған кезде бұл жүйе қалада және компанияның кен орындарында COVID-19 вирусының жаңа штаммдарын жұқтыру немесе таралу қаупін барынша азайтты.

- Бағдарламаны енгізу арқылы компания қандай артықшылықтарға қол жеткізді? Қысқаша тоқталып өтсеңіз...

- Ең алдымен, қауіпсіздік. Аудандарда орналасқан басқармаларға бару үшін мердігер мекеме қызметкерлері өз автокөліктерімен 80-200 шақырым жол жүріп баратын болса, қазір мердігер компаниялар мен өзіміздің қызметкерлер электронды қол қояды.

Екіншіден, уақыт үнемделді. Бұл үдеріс бүгінде бірнеше минут уақыт алады. Басқармаларға барып жүруді қажет етпейді. Одан кейін, екі тарапқа да ыңғайлы. Және, ең басты мақсатымыз болған бұл жүйе автоматтандырылды.

- Бағдарламаның қазіргі жүзеге асу деңгейі қалай?

- Қазіргі уақытта AVR жүйесі тек қаржы секторының ғана емес, сонымен қатар, компаниялардың басқа да департаменттерінің қажеттілігін жабатын жаңа модульдермен функционалды түрде дамып келеді.

Ағымдағы жылдан бастап AVR жаңартылған AVR+ жүйесіне көшті. Жүйенің өнімділігін арттыру үшін жаңа веб-қосымшалар, авторизация қауіпсіздігі және актіні тексеруді қолдана отырып, AVR+ құрылымы оңтайландырылды. Жыл соңына дейін AVR+ жүйесін сәйкесінше жыл басында қалыптасқан талаптармен және жаңа модульдерді қосумен дамыту жоспарлануда.

Биылғы жылы кәсіпорнымыз компания ішінде одан әрі пайдалану үшін әзірлеушілерден жүйені сатып алуды шешті. Сайып келгенде, бұл бізге ішкі бизнес-үдерістерге сәйкес жұмыс істейтін, мердігер ұйымдарға актілерді онлайн режимінде ұсынуға мүмкіндік беретін бәсекеге қабілетті имидждік өнімді ұсынуға септігін тигізді.

- Сұхбатыңызға рахмет!



АҚ ЖАЙЫҚТАН АҚ ТІЛЕК ЖАУҒАН КҮН

«Ембімұнайгаз» АҚ-ның ғасырлық тойына арналған мерекелік бағдарлама «Мұнайшы қыз» клубының ұйымдастыруымен өткен «Ақ Жайықтан ақ тілек» атты әдеби-сазды кешпен жалғасты. Оған компанияға басшылығы, барлық басқарма ұжымдарынан делегация, Атырау облысының зиялы қауымы қатысты.

Н.Жантөрин атындағы Атырау облыстық филармонияда өткен кеште қазақ поэзиясының падишасы – Фариза апамыздың ізін жалғап, оқырмандарына жалынды жыр сыйлаған атыраулық ақын қыздар – Әлия Дәулетбаеваның, Гүлзада Ниетқалиеваның, Бақытгүл Бабақтың шығармашылығынан өлең-жырлар оқылды. Осы кештің мұнайшыларға тағы бір сыйы – қазақ-британдық пианист, халықаралық конкурстардың лауреаты Дина Дүйсен арнайы келіп, мұнайшылар алдында өнер көрсетті.

Айта кету керек, бұған дейін атыраулық ақын қыздармен кездесу компанияға қарасты барлық мұнай-газ өндіру басқармаларында ұйымдастырылған болатын.

Құлсары қаласындағы «Кең Жылыой» мәдениет үйінде Қазақстан Жазушылар Одағының мүшесі, Махамбет сыйлығының иегері, Халықаралық

«Шабыт» фестивалінің лауреаты, «Ембімұнайгаз» АҚ гимнінің авторы Әлия Дәулетбаева «Жылыоймұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасының ұжымымен, Аққыстау селосындағы «Жалын» мәдениет үйінде Қазақстан Жазушылар Одағының мүшесі, филология ғылымдарының кандидаты, Атырау облыстық «Сарайшық» журналының бас редакторы Гүлзада Ниетқалиева «Жайықмұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасының ұжымымен, Доссор кентіндегі «Мұнайшы» мәдениет үйінде Халықаралық «Шабыт» фестивалінің бас жүлдегері, республикалық «Алтын қалам», «Үркер-үміт» әдеби байқауларының жүлдегері Бақытгүл Бабаш «Қайнармұнайгаз», «Доссормұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармаларының ұжымдарымен кездесті. Басқармаларда өткен шығармашылық кеште мұнайшылар ақын қыздардың өлеңдерін мәнерлеп оқып, ақындардың сөздеріне жазылған әндерін шырқады.

«Мұнайшы қыз» клубының ұйымдастыруымен басқармаларда бастау алған шығармашылық кеш Атырау облыстық филармонияда қорытындыланды.

Қорытынды кеште мұнайшылар атыраулық ақын қыздардың өлеңдерінен үзінділер оқыды. Ал, ақын қыздар өз кезектерінде мұнайшылардың ыстық ықыластары үшін алғыстарын жеткізіп,

көрермендер назарына өз шығармашылықтарынан өлең-жырларын ұсынды. Сонымен қатар, бұл кеште мұнайшылар шетелдік сахналарда өнер көрсетіп жүрген Дина Дүйсеннің орындауындағы Ф.Шопеннің, П.Чайковскийдің, Н.Римский-Корсаковтың туындыларын да тыңдады.



Гүлбану Бахитова, «Жайықмұнайгаз» МГӨБ «Мұнайшы қыз» клубының жетекшісі:

«Мұнайшы қыз» клубының құрылуындағы мақсат та осы, ішкі байланысты нығайта отырып, еңбек адамдарының жан-жақты демалуына мүмкіндік орнату ғой. Клуб жұмыс істей бастаған 3 жыл ішінде талай игі шаралар кезең-кезеңімен жүзеге асты. Әр шара өзінше құнды, өзінше ерекше болды. Басқармаларда еңбек етіп жатқан тек мұнайшы қыздар ғана емес, ер-азаматтар да әр шарадан кейін өздерінің әсерлерімен бөлісетін. Ұжымшілік байланысты нығайтудың бір жолы-мұнайшы қыздар мен мұнайшы азаматтар бірлесе отырып, кез келген жағдайда бір саптан табыла білулері керек. «Мұнайшы қыз» клубының көздегені де осы бірлік. Біз азаматтармен бірлесе отырып, әлі талай жұмысты атқарамыз.



Сәлима Айдынова, «Доссормұнайгаз» МГӨБ «Мұнайшы қыз» клубының жетекшісі:

Идеологиялық сала – маңызды жүйе. Мұнайшылар тек өнім өндірумен ғана айналыспайды, оның демалысы, отбасындағы жағдайы бар. Бұл - оның еңбекке деген көзқарасына әсер ететін жәйттар. Маманның алаңсыз еңбек етуі үшін оның жан дүниесі де ризашылық сезімге, ұжымына, еңбек ету ортасына, әріптесіне деген сүйіспеншілікке толы болуы шарт. Сонда ғана оның күнделікті жұмысында нәтиже болады. Жұмысына деген қанағаттанушылық сезімде жүреді. Бұл орайда, мұнайшыларға рухани демалыс сыйлайтын осындай шаралар көптеп өтіп тұрса, нұр үстіне нұр болар еді.



Экология

БАЙҚАУҒА
ҚАТЫСАЙЫҚ!

Жобаны жүзеге асыру бағытындағы іс-шаралардың бірі – «#10ZHASYLKUN қоршаған ортаны сақтаудың 10 жолы» онлайн челлендж экологиялық флешмобы болып табылады. Челлендждің негізгі мақсаты азаматтарды жаңа өмір салтына және қоршаған орта туралы ойлауға шабыттандыру болып табылады.

1. «Пластикалық пакеттерден бас тартыңыз. Оларды экосөмкелерге ауыстырыңыз»
2. «Электр қуатын үнемдеңіз»
3. «Жаяу жүріңіз (лифттен, көліктен бас тарту)»
4. «Кофе өзіңмен бе? Өз ыдысына құйып ал!»
5. «Дәстүрлі шамның орнына қуат үнемдейтін шам»
6. «Бір реттік пайдаланатын заттардан бас тартыңыз»
7. «Суды үнемдеңіз»
8. «Жұмыс үстеліңді ретке келтір»
9. «Түскі асыңды өзіңмен алып кел»
10. «Қоқысты сұрыптаңыз»

Биылғы жылы «Әлеуметтік жобалардың қоры» корпоративтік қоры Қазақстан Республикасы Ақпарат және әлеуметтік даму министрлігінің қолдауымен қоршаған ортаны қорғау бойынша «Birgemiz: Taza Alem» жалпыұлттық жобасын жүзеге асыруда.

Жалпыұлттық жобаның мақсаты – қоршаған ортаны қорғау, өзендерді және ормандарды тазарту, ағаш отырғызу, қалдықтарды сұрыптау, экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуді қоса алғанда, азаматтарды экология саласындағы волонтерлік қызметке тарту. Әлеуметтік жобаны іске асыру мерзімі – 2022 жылдың наурызы мен 2024 жылғы қараша айы аралығы.

Челлендждің белсенді қатысушылары Әлеуметтік жобалар қорының естелік сыйлықтарымен марапатталады. Жоғарыда айтылғандарды негізге ала отырып, сіздерді челленджке қатысуға және экологиялық мәдениетті дамытуға үлес қосуға шақырамыз.



Қатысу үшін қажет:

- @birgemiz_taza_alem2022 және @kazmunaygaspress Instagram парақшасына жазылу
- #10ZHASYLKUN #kazmunaygaz хэштегімен 10 тармаққа байланысты фото немесе бейне салу
- @birgemiz_taza_alem2022 және @kazmunaygaspress аккаунттарын постыда белгілеу

Барекелді!

ДОССОРЛЫҚ МҰНАЙШЫ ҰЯЛЫ ТЕЛЕФОН ҰТЫП АЛДЫ



«Халық Банкі» АҚ өз қолданушылары арасында ағымдағы жылдың 26-қыркүйек және 27-қараша күндері аралығында IPHONE SE ұялы телефонын ұтып алуға акция жариялаған болатын.

Nalyk Bank-тің Visa картасының иесі болып, телефон нөмірі арқылы мобильді қосымшада неғұрлым көбірек қаржылай аударым жасау акцияның басты шарты болатын

Акция аяқталған соң ұйымдастырушылар арнайы есептеу тәсілдері арқылы жеңімпазды анықтады: әріптесіміз «Доссормұнайгаз» мұнай-газ өндіру



басқармасының жылу қазандығы операторы Нұрсұлу Найзабекова жаңа ұялы телефон иесі атанды.

Акция жеңімпазын жуырда аталған банк қызметкерлері құттықтап, марапатын табыс етті.

Сәттілік серік болып, жеңіске жеткен әріптесімізді біз де құттықтаймыз!



Құрметті «EmbiMunayGas» АҚ және Қоғам аумағында қызмет көрсететін мердігер мекеме қызметкерлері! «EmbiMunayGas» АҚ-да «СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ» желісі жұмыс жасайды.

Сіздің әлеуметтік бағытта сұрағыңыз, пікіріңіз, ұсынысыңыз, шағымыңыз болса хабарласыңыз (хабарламалар құпия қарастырылады).



WhatsApp: 8 771 002 68 95

K.Kalidullin@emg.kmgp.kz
Калидуллин Қуандық Мәдениетұлы
Әлеуметтік саясат және әкімшілік
қамтамасыз ету
департаментінің директоры

Ескерту: Жолданған хабарламаға қызметкер - жағдай орын алған нысан, өндіріс орнының атауын көрсетуі сұралады.

Меншік иесі: «EmbiMunayGas» АҚ

Шығарушы:
Қоғаммен байланыс тобы
Бас редактор: А. Ертлеуова

Газет ҚР Ақпарат және коммуникация министрлігінің Ақпарат комитетінен мемлекеттік тіркеуден өтіп, 2018 жылғы 23 желтоқсанда N17430-Г куәлігі берілді.

Газет айына 2 рет шығады.

Таралымы – 3500 дана.

Редакцияның мекен-жайы: Атырау қ. Ш. Уәлиханов көш., 1.

Хат-материалдарды төмендегі мекен-жайға жолдай аласыздар:

Ғ.Қаражанова – 8 (7122) 99-34-21; 21-121.
G.Karajanova@emg.kmgp.kz
А.Ертлеуова – 8 (7122) 99-32-09, 21-309
A.Ertleuova@emg.kmgp.kz
И.Сатылғанова – 8 (7122) 99-34-64; 21-166
I.Satylganova@emg.kmgp.kz

Баспахана:

«Жаркын Ко» ЖШС
Мекен-жайы: Нұр-Сұлтан қ., Абая даңғ., 57/1.
Тел: +7(7172) 21-50-86.

РЕДАКЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС:

Г.Шарафетдинова - Бас директорының кадр және әлеуметтік мәселелер жөніндегі орынбасары;

Қ.Қасымғалиев - Бас директорының өндіріс жөніндегі орынбасары;

Р.Тасмағамбетова - Бас директорының экономика және қаржы жөніндегі орынбасары;

Т.Сәрсенов - мұнай және газ өндіру департаментінің директоры;

Қ.Калидуллин - әлеуметтік саясат және әкімшілік қамтамасыз ету департаментінің директоры;

Ж.Мұқанғалиев - өнеркәсіп қауіпсіздігі бөлімінің бастығы;

Ғ.Қаражанова - қоғаммен байланыс тобының жетекшісі;

Ж.Дәуітов - «Жас мамандар» кеңесінің төрағасы.